

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 46 (9364) | 1954 жылғы 2 март Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Біздің елімізде коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатудың аса маңызды шарты бейбітшілік пен халықтардың хауіпсіздігінің тірегі — Советтік Социалистік мемлекеттің қуаттылығын талмастан күшейте беру болып табылады. Біздің мемлекетіміздің күші мен қуаттылығының негізі — жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағы, бүкіл совет қоғамының моральдық - саяси бірлігі, ССРО халықтарының мызғымас достығы.

СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуінен.

Сайлауға әзірліктің шешуші кезеңі

СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуі совет халқының саяси-моральдық бірлігін олар әрі нығайтып, халық шаруашылығының барлық саласында еңбектегі жаңа табыстарға жетуге жігерлендіруге. Партиямыздың Орталық Комитеті өзінің үндеуінде барлық сайлаушыларды коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге, өздерінің құрметті сайлау праваларын толық пайдалануға шақырды. Партиямыздың шақыруы совет адамдарының қызу қолдауын тапты.

Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымызда сайлаушылардың депутаттыққа кандидаттармен кездесуге арналған жыйналыстарында колхозшы шаруалар мен жұмысшылар, совет интеллигенттері Коммунистік партия мен Совет Үкіметіне деген нескіз сүйіспеншіліктерін, оның саясатын бірауыздан қуаттайтындықтарын білдірді. Сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар басті ұсынған кандидаттарды жақтан дауыс бере отырып, сайлаушылар Коммунистік партияның саясатын жақтан дауыс береді, социалистік еркіндік, ауыл шаруашылығын мықтарды дамытуды, халықтың материалдық ауқат және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыруды жақтан, советтік Отанымыздың қуаты мен күшін барынша арттыра беру және бейбітшілікті сақтау, нығайту жолындағы күресте жаңа табыстарға жете беруді жақтан дауыс береді.

Міне, сондықтан да ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы — еліміздің өміріндегі саяси зор оқиға болып табылады. Бұл таңқаты оқыйға жан-жақты әзірленіп, совет азаматтарының сайлау праваларын толық жүзеге асыруына қажетті жағдайдың бәрін жасау — партия, совет ұйымдарының бүгін таңдаты кезек күттірмейтін басты міндеті.

Облысымыздың бірқатар, партия совет ұйымдары сайлау күніне әзірлікті қызу жүргізуде. Мындағы үгітшілер мен жүздеген баяндамашылар сайлау участоктерінің үгіт пункттерінде, сайлаушылардың тұратын жерлері мен қызмет істейтін орындарында партиямыздың Орталық Комитетінің үндеуін кеңінен насихаттап, олар бұқарасын ССРО Жоғарғы Совет депутаттығына кандидаттар Н. Д. Губин, Ж. Қ. Қизатов және Н. Д. Оңдасынов

гінің үйінде сирек болады. Міне, сондықтан да аталған сайлау участогінің бірқатар сайлаушыларының сайлау күні кай жерде дауыс беретінін білмеуіне таңдануға болмайды. Мұнда сайлаушылардың тізімінің жалпының байқауына ілінгеніне бірқатар уақыт өтті. Алайда, ол тізімнің дұрыстығын тексеру ісі мүлде қанағаттанғысыз.

Мұндай фактілер қаланың, сондай-ақ ауыл-селолық жерлердегі бірқатар сайлау участоктерінен де кездеседі. Совет ауданы, Борки сайлау участогінде сайлау комиссияларының мәжілісі өткізіліп, олардың міндеттері белгіленген жоқ. Сайлау участогі қажетті отымен, жарықпен, радио байланысымен қамтамасыз етілмеген. Айта кету қажет, сайлау науқанына әзірлік жұмысында елеулі кемшіліктердің орын алуы, ең алдымен, қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитетінің, кейбір аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің ұлкен саяси маңыз бар жұмысқа басшылық пен бақылауды әсіретулерінен болып отыр.


ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына 1-ақ күн қалды. Ендігі қалған аз уақыт сайлау науқанына әзірлікте жайбарақаттықты көтермейді. Кәзір партия ұйымдарының, олардың үгітшілері мен насихатшыларының ең маңызды міндеті — барлық сайлаушыларға СОКП Орталық Комитетінің үндеуін, депутаттыққа кандидаттардың өмірбаяндарын, дауыс беру тәртібін терең түсіндіру болып табылады. Сонымен қатар, сайлау күні сайлау участогіне өздігінен келіп дауыс бере алмайтын қарт сайлаушыларды, мүгедектерді мұқият есепке алып, оларды сайлау комиссияларына хабарландырып отыру қажет. Мұның өзі сайлауға сайлаушылардың толық қатысуын қамтамасыз етудің басты шараларының бірінен саналады.

Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан үгітілі әзірленудің маңызы зор. Жергілікті Советтер мен сайлау комиссиялары сайлау участоктеріне жақсы жабдықталған үйлердің бөлінуін, сайлау участоктерінің сайлау документтерімен кезінде қамтамасыз етілуін, дауыс беретін бөлмелердің жабдықталуын, урналардың жеткілікті болуын, сайлаушылар тізімдерінің дұрыс жасалуын және басқа да осы


Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары



Н. Д. ОҢДАСЫНОВ



В. В. ГУБИН



Ж. Қ. ҚИЗАТОВ

Сайлау құрметіне

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы болатын күн жақындаған сайын Ленин атындағы көлхоздың (Октябрь ауданы) колхозшылары сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу жолындағы жарысты өрістетіп түсуде. Әсіресе, көктемгі егіске әзірлік — тұқым тазарту, егістік алаңдарға қар тоқтату жұмыстарына бөлінген колхозшылар еңбек өнімділігін арттыруда.

Мәселен, тұқым тазартуда жұмыс істейтін Ш. Қойбатырова, К. Қабатов жолдастар күндік тапсырмаларын 120—125 процент орындап отыр. Бұл жерлерінің

Депутаттыққа кандидат Н. Д. ОҢДАСЫНОВ сайлаушылармен кездесуде

28 февраль күні Ленин ауданының сайлаушылары ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат Н. Д. Оңдасыновпен кездесу үшін Явленка селосының клубына жыйналды. Мұнда Күйбышев атындағы, Образцовой МТС-терінің жұмысшылары мен қызметшілері және ме-ханкаторлары, «Еңбек», «Путь к социализму», «Новый путь», «Орталық», «Тро-йца», «Молотов атындағы», Во-ленка атындағы колхоздардың колхоз-шылайан жерді көтеруге, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 16,5 центнерден өнім алуға, огород егістерінің көлемін кеңейтуге міндеттенді.

Черняев жолдас депутаттыққа кандидат Н. Д. Оңдасынов жолдастан Есіл өзенінде ауданаралық су электр станциясын салуға көмектесуді сұрады. Бұл станция деп ол, Октябрь, Ленин Приемші аудандарының 10 мың гектардан астам алқаптары мен шағындық жерлерін суару

тыңайған жерді көтеруге, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 16,5 центнерден өнім алуға, огород егістерінің көлемін кеңейтуге міндеттенді.

Черняев жолдас депутаттыққа кандидат Н. Д. Оңдасынов жолдастан Есіл өзенінде ауданаралық су электр станциясын салуға көмектесуді сұрады. Бұл станция деп ол, Октябрь, Ленин Приемші аудандарының 10 мың гектардан астам алқаптары мен шағындық жерлерін суару

Мерекеге шаруа

Петропавл паровоз депосының жұмысшылары СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуін қызу қуаттап, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы болатын күнді лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарысуда.

Бұл жарыста, әсіресе, электрмен болат балқытушы Воронов, тоқарь Широков жолдастар алдыңғы қатарда келеді. Олар күндік жұмыс тапсырмаларын үнемі 200—300 процентпен орындап және өнімнің өзінің күнін елеуір кемітіп, көптеген пилеңат пен материалдар үнем-

дасынов жолдастардың «мироантацион» қоғамды саяси жұмыстарымен танытырда. Кезір сайлау алдындағы саяси үгіттің мақсаты коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарын ақтауға, еңбекшілердің өндірістік белгіліктерін арттыруға бағытталып отыр.

Сонымен қабат, сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан әзірлік жұмысы да жүргізілуде. Қалалық, ауылдық, секірік Совет атқомдері сайлаушылардың тізімдерін тиісті мерзімде жасап, оны жалпының байқауынан өткізуде. Сайлау участоктеріне таңдаулы үйлер бөлініп, олар қажетті отынмен, жарықпен, ұрнармен және басқа жақтықтармен қамтамасыз етілуде. Бірқатар участоктік сайлау комиссиялары сайлаушылардың тізімінің дұрыстығын тексеруді кезірін өзінде аяқтағалы отыр.

Бірақ, мұның бәрінен сайлауға әзірлік жұмысы барлық жерде ойдағыдай жүргізіліп отыр деген ұғым тумайды. Жасырағыны жоқ, бірсыпыра сайлау участоктерінде депутаттыққа кандидаттарды жақтаған үгітті ұйымдастыруда, сондай-ақ, ұйымдастыру-техникалық жағынан әзірленуде жайбарақаттыққа жол берілген.

Мысалға қаладағы № 28 сайлау участокі алайық. Бұл участокті Ауыр және транспорт машиналарын жасау министрлігі заводының партия ұйымы қамтыды. Партия ұйымы үгіт пунктіне немесе сайлаушылардың үйлерінде кандидаттарды жақтаған үгітті кеңінен өрістетуді қамтамасыз ете алмай отыр. Бірқатар үгітшілер өздеріне бекітіліп берген өнүйліктерде небары бір-ақ реттен болған. Участоктік сайлау комиссиясының председателі Завьялов жолдас сайлау участо-

дасынов жолдастардың «мироантацион» қоғамды саяси жұмыстарымен танытырда. Кезір сайлау алдындағы саяси үгіттің мақсаты коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарын ақтауға, еңбекшілердің өндірістік белгіліктерін арттыруға бағытталып отыр.

Сайлау күні— бүкілхалықтық мереке. Сондықтан сайлау күнін өткізу жөнінде партия ұйымдары мен сайлау комиссиялары арнаулы жоспар жасап, онда сайлаушыларды мәдениетті қамтудың шараларын белгілеулері керек. Сайлау участокінде сайлаушылар үшін лекция оқу, кинофильм көрсету, концерттер ұйымдастыру, аналар мен балалардың бөлмелерін жақтықтау жұмыстарына ерекше назар аудару қажет. Сайлау күні әрбір совет азаматының құрметті сайлау правосын жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасау, олардың мәдениетті демалуын қамтамасыз ету—партия, совет ұйымдарының ардақты міндеті.

Кезір барлық жерде сайлау алдындағы саяси үгітті, әсерге, депутаттыққа кандидаттарды жақтаған үгітті кеңінен ұйымдастыру қажет.

Сайлауға ұйымдастыру-техникалық жағынан үгітті әзірленейік. Сөйтіп, 1954 жылдың 14 март күнін—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін еңбекшілердің бүкілхалықтық мейрамына айналдырайық, партияның, үгітшінің және халықтың тығыз бірлігінің жаңа бір қуатты демонстрациясы етейік!

Лениннің—Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңістеріне қарай алға баса берейік!

РСФСР Жоғарғы Советі Президиумы мен РСФСР Министрлер Советінде

РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы және РСФСР Министрлер Советі Украинаның Ресейге қайта қосылуының 300 жылдық мерекесіне әзірлену және оны өткізу жөнінде А. М. Пузанов жолдасын председателдік етуімен РСФСР Үкімет

Комитетін қуру туралы қаулы қабылдады.

Үкімет Комитетінің құрамына ғылымның, мәдениеттің, искусствоның 60 көрнекті қайраткерлері, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының қызметкерлері кіреді. (СОТА).

Тың жерлерге себуге арналған тұқымдар

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Облыс колхоздары жаздық бидай егісінің көлемін ұлғайтуға байланысты жұмыстармен шұғылданды. Тұқым мәселесіне зор көңіл бөлінуде. Тұқым өткен жылдардағыдан анағұрлым көп дайындалып, тазартылды. Бұл тұқымды тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен себу әдісін кеңінен енгізуге мүмкіндік береді. Молотов, Новочеркас, Вишневск, Шортанды аудандарының колхоздарының әрқайсысы

ерте пісетін ірі тұқымның кем дегенде үш сортын әзірледі.

Облыста егіс көлемінің тең жарымынан астамы жергілікті селекционерлер шығарған тұқым сорттарымен себілетін болады, олар аудандастырылған «ақмолинка-1», «шортандинка», «снегурочка», «ақмолинка 5» сорттарымен салыстырғанда едәуір көп өнім береді.

Тың жерлердің бәріне тек қана қаты «гордейформе 189» және «ақмолинка 5» бидайы егілетін болады.

ІЛЕ МТС-І ТРАКТОР ЖӨНДЕУДІ АЯҚТАДЫ

Алматы облысының Іле МТС-нің механизаторлары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын лайықты табыспен қарсы алу жарысында өндірістің жаңа табыстарға жетті. Кеше олар трактор жөндеуді мерзімінен бұрын аяқтады. 50-ден аса трактордың әрқайсысына плугтер,

тырмалар, культиваторлар, сеялқалар әзір етілді.

МТС коллективі кезір комбайнда жөндеу жұмысын табыспен жүргізуде. Механизаторлар бұл жұмысты 14 мартқа дейін аяқтауды ұйғарды.

(ҚазТАГ).

тракторлардың жөндеу жұмыстарының қатары күн сайын кеңейіп келеді. Осының нәтижесінде колхозға аз күн ішінде 2300 центнер донды дақылдар тұқым газартылып, себу сапасына жеткізілді.

Сол сияқты, колхозда 563 гектар егіс алаңына қар тоқтатылды. Жұмыстың бұл саласына бөлінген қолхозшылар да күндік тапсырмаларын үнемі асыра орындайды.

З. РАМАЗАНОВ.

Койнохов ауданындағы «Путь Ильича» колхозының қолхозшылары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні—14 мартқа дейін көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын толық аяқтауға міндеттенген болатын. Олар бұл міндеттемелерін орындау жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Кезір колхозда 700 гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. Ауылшаруашылық құрал-саймандар жөндеу жұмысы толық аяқталды. 2100 центнер тұқым газартылып, себу сапасына жеткізілді. Овощ дақылдары егістіктерін қосымша қаректендіру үшін 60 тонна көк жығылды.

Қауғаста және помидор көшеттерін өсіру үшін 1000-нан астам шымтезек-шірікті құмыралары жасалды.

Қ. БАЯЗИТОВ.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—бүкілхалықтық іс

БОЛАШАҚ МЕХАНИЗАТОРЛАР

Кезіргі уақытта облыс колхоздары мен МТС-терінің және совхоздарының алдында егіс көлемін тың және тыңайған жерлер есебінен ұлғайту, осы арқылы астықтың товарлы өнімін еселеп арттыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындау үшін партиямыз бен үкіметіміз МТС-тер мен совхоздарға техниканы қажетінше беріп отыр. Қуатты техниканы жұмысқа өнімді пайдалану үшін маман механизатор кадрлар көптеп берек болады.

Москва қаласы мен Москва облысының комсомолдары мен жастарының тың жерлерді игеру үшін Қазақстанға, Алтайға барып жұмыс істеу жөнінде еліміздің жастарына жазған үндеуі МТС қамтуындағы қолхоздардың комсомолдары мен жастары арасында зор өрлеу туғызып отыр. Бұл күндері МТС жанындағы трактор мамандығын үйренетін курстарға түсуге тілек білдіруші жастардың саны көбейе түсуде. Жақында МТС дирекциясына әскери міндетін атқарып келген комсомолец Зотов келіп былай деді:

—Мен армия қатарында танкигі болдым. Енді тракторшы болып, тың жерлерді игеру ісіне өз үлесімді қосқым келеді. Сондықтан мен МТС жанындағы тракторшылар курсінен өткім келеді. Зотов жолдасының тілегі қанағаттандырылды. Ол кезір мұрете оқып жүр. Осындай тілек білдірген жастардан кезір МТС жанындағы курстарға 35 адам оқылды.

МТС дирекциясы бұл жастардың сапалы білім алуына, олардың техниканы жете меңгерген механизатор болуына барлық жағынан қажырлы жасап отыр.

С. ШАТУНОВ,

Приешім МТС-і партия ұйымының секретары.

Мамлют ауданының партия комитетінің секретары Шлевако жолдас Мамлют ауданының кандидатын кездеу жұмысына қатысып, жұрт сенген өкіл М. Габбасов жолдасқа сөз берді. Ол сайлаушыларды Н. Д. Ондасынов жолдасын өмірбаянымен толық таныстырды.

Мұнан кейін сөйлеген «Новый путь» колхозының председателі Черняев жолдас қолхозшылар атынан көтерілгі міндеттемелер алды. Ол 2 мың гектар тың және

МАМЛЮТКА. Мұнда ауданның сайлаушылары депутаттыққа кандидат Н. Д. Ондасынов жолдасын кездесті.

Жыйналыста жұрт сенген өкіл Бондаренко жолдас бірінші болып сөз алды.

Жыйналысқа қатысушылар Мамлют совхозының сауыншысы Анохина жолдасын сөзін зейін қоя тыңдады. Анохина жолдас бүкілхалықтық мереке—сайлау күнінің құрметіне бір жылдың ішінде әрбір сауын сыйырдан 4 мың литр сүт

Приешім ауданының орталығы—Богалюбово селосында ауданның МТС-тері мен совхоздарының және колхоздарының еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің де-

Сол сияқты, сауыншы Игнешева жолдас та өзіне бекітіліп берілген 10 сыйырдың әрқайсысынан 2500 литрден сүт алуға міндеттенді.

Аудандағы өндіріс комбинатының директоры Иванов жолдас Черняев жолдасын аманаттың қуаттады. Ауданаралық сүт электр станциясының жергілікті өнеркәсіпті өркендетуде ерекше маңызы бар екенін айтты.

Сайлаушылар Н. Д. Ондасынов жолдасын сөзін асқан зор ынтамен тыңдады.

сауу жөнінде міндеттеме алғанын мәлімдеді. Сонымен қатар, ол Ондасынов жолдасын халық сенімін қалтқысыз ақтайтынына сенім білдірді.

Осы сияқты, жыйналыста аудандық комсомол комитетінің секретары Конов, жас сайлаушы Косыкина жолдас сөз сөйледі.

Ондасынов жолдас өзіне білдірген сенім үшін сайлаушыларға алғыс айтты.

путаттығына кандидат Н. Д. Ондасынов жолдасын кездесті. Бездесуге көптеген сайлаушылар қатысты.

Электрмен болат балқытушы Воронов жолдас бізбен әңгімелескенде былай деді: кезір еліміздің еңбекшілері бүкілхалықтық мереке—14 мартты ақпандағы тар-тулармен қарсы алу мақсатымен шаруашылықтың сапалы тарауларында өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Олар сайлау құрметіне еңбек қарқынын күннен-күнге еселеп арттыра отырып, елеуді табыстарға жетіп жүр. Бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты, біздің депо коллективі де еңбекте жоғары көрсеткіштерге ие болу, ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетуге үлес қосу жолында күресуде. Депо комсомолдары мен жастарының механизаторлар қатарын көбейтуге облыстың барлық комсомолдары мен жастарына үндеу қабылдап, бұл істе өздері механизаторлар даярлайтын күреске 50 адам жіберіп, үлгі көрсеткені мәлім. Ал, мен де қызу қарқыннан қалыспай, өндірістік тапсырмалды күн сайын асыра орындауға жетісіп келемін.

Сол сияқты, ұста Черваков, слесарь Лукьянов жолдасардың еңбегі де мақтауға тұрарлықтай. Олар күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындауға жетісуде.

М. СУЛЕЙМЕНОВ.

КОЛХОЗШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮНІ

Петропавл ауданының көптеген колхоздарының қолхозшы әйелдері республика МТС-тері мен ММШС-терінің механизатор-әйелдері көпесіне қатысушылардың хатын, тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын Москва қаласы мен Москва облысы, сол сияқты, Алматы қаласы комсомолдары мен жастарының үндеулерін қуанышпен қарсы алуға.

— Партия мен үкіметіміз, — деді Фурманов атындағы колхоздың қолхозшысы П. Сергеева жолдас, — тың және тыңайған жерлерді барынша мол игеру міндетін қойды. Бұл іске мен өз үлесімді қосуды аброй деп есептеймін.

— Мен, — деді Киров атындағы колхоздың мүшесі Анна Крафт жолдас, — бұрынғы тракторшымын. Сонғы жылдары семья жағдайына байланысты трактордан біраз көл үздім. Кезір тың және тыңайған жерлерді игеруді барлық совет адамдары өздерінің төл ісі деп есептеп отырғанда, мен тракторға қайта оралуды ойладым.

Бұлар сияқты Чанав атындағы колхоздың сауыншысы комсомолка Р. Обертос, Ворошилов атындағы колхоздың бұзау күтушілері Герасименкова, Мануйлова, Жамбыл атындағы колхоздың қолхозшысы В. Бузнацова жолдасар да тракторшы болуға тілек білдірді.

Кезір механизатор болуға тілек білдірген қолхозшы әйелдерден бұрын тракторшы болмаған 38 адам Асанов және Петропавл МТС-тері жанындағы ашылған тракторшылар даярлайтын курстарда оқып жүр.

В. ПОБЕЛЯНСКАЯ, А. СКРИПНИК.

Зор белсенділік

Облысымыздың комсомолдары мен жастары бүкілхалықтық іс—тың және тыңайған жерлерді игеруге өз үлестерін қосатындықтарын білдіріп, Отанымызға шексіз берілгендіктерін көрсетуде. Паровоз депосы комсомол ұйымының 50 комсомолдары мен жастары колхоздар мен совхоздардың егін даласында жұмыс істеу үшін тілек білдіріп, механизация училищелерінде оқып жүр. Олар көктемгі дала жұмыстарына дейін тракторшылық мамандықты меңгеріп, көктемде тың және тыңайған жерлерді жыртуда еңбек ететін болады.

Кезіргі уақытта облысымыздың өнеркәсіп орындары мен халық шаруашылығының басқа да салаларындағы комсомолдар мен жастар механизатор болуға тілек білдіріп, комсомол ұйымдарына арыз беруде.

Облыстық байланыс басқармасы телефон байланысы техникалық торабының жұмысшысы Х. Құрманғожин жолдас

Москва қаласы мен Москва облысының тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын комсомолдары мен жастарының жыйналысына қатысушылардың Совет Одағының барлық комсомолдары мен жастарына арнаған үндеуімен танысқаннан кейін өзінің механизатор болғысы келетіндігі жөнінде комсомол ұйымына арыз берді.

Облыс комсомол ұйымдарының алдында әлі де болса орасан зор міндет тұр. Ол—жастардың сапалы білім алуына, олардың техниканы жете меңгерген механизатор болуына барлық жағынан қажырлы жасау, мұнымен бірге, еліміздің басқа республикаларынан тың және тыңайған жерлерді игеруге облысымызға жеті жатқан жастарға достық көмек көрсету қажет.

Ж. НҮРПЕЙСОВ,

ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары.

АУДАН КОМСОМОЛДЕРІНІҢ ПАТРИОТТЫҒЫ

Жақын арада ғана колхоздарда, совхоздар мен аудан орталығындағы түрлі мекемелерде жұмыс істейтін комсомолдар мен жастардан 137 адам өз тілектері бойынша тракторшылар даярлайтын мектептер мен мұрестарға оқуға жіберілген болатын. Тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын Москва қаласы мен Москва облысы және Алматы қаласы комсомолдарының үндеулері механизатор болуға тілек білдірушілердің жаңа қозғалысын тудырды. Бұл үндеулер жарыққа шыққаннан кейінгі уақытта ғана аудандық комсомол комитетіне 60-тан астам

комсомолдардан тракторшы болғысы келетіндігі жөнінде арыздар түсті.

Арыздар, әсіресе, Киров атындағы астық совхозының, аудандық мәдениет бөлімінің, Совет орман шаруашылығы мекемесінің комсомолдарынан өте-өте көптеп түсуде.

Аудан комсомол ұйымдары комсомолдардың бұл сияқты патриоттық игі істерін үнемі қолдап, оны кеңінен өрістетіп береді.

И. МҰҚАШЕВ,

ҚЛКЖО Совет аудандық комитетінің секретары.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Комсомол ұйымына басшылық нашар жерде

— Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің партия белгілеп берген программасын жүзеге асыруда, біз, комсомолдар, алдыңғы сапта боламыз. Ұйымның бүкіл жұмысын жақсартып, село жастарының саяси және өндірістік белсенділіктерін арттыра беру қажет.

Комсомол ұйымының соңғы есеп беру-сайлау жыйналысында «Победа» ауылшаруашылық артели комсомолдарының шыр-жүректен толқып айтқан сөздері, міне, осындай. Бұл жыйналысқа колхоз бастаушы партия ұйымының секретары Әбдіхалықов жолдас өзі қатысып, комсомол ұйымының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді естіген-ді.

Содан бері 5 ай өтті. Комсомол ұйымының жұмысында өзгеріс болды ма? Жоқ. Өйткені, комсомол ұйымының бүкіл жұмысының ойағыдай болуы ең алдымен бастаушы партия ұйымының басшылығына байланысты екені мәлім. Бірақ, амал не, Әбдіхалықов жолдас бұл ақиқатты еске алмады, есеп беру-сайлау жыйналысында комсомолдардың айтқан орынды тілектерін ескермеді.

Міне, осының салдарынан комсомол ұйымының жұмысы колхозды ауылдың алдында тұрған айынды міндеттерден кейін қалып қалады. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық.

Саяси тәрбие жұмысының төмен жүргізілуі кейбір комсомолдардың колхоз өндірісінен қол үзуіне, ескі әдет-ғұрыптың шырғауынан арыла алмауына әкеліп соғып отыр. Колхозда мал қыстату маусымы өте қанағаттанғысыз ұйымдастырылуда. Алайда, мал шаруашылығында ұйымдағы 27 комсомолдың небары 2-ақ адам жұмыс істейді. Әресе, қазақ қыстарының артель шаруашылығына қатынасуы мүлдем қанағаттанғысыз. Бұлардың колхоз өндірісіне қатысуына бөгет жасап отырған байшылық-феодалдық зиянды салтқа қарсы күрес жоқ. Комсомол мүшелері Бұлтай Әсербаявның, Воронцов

ауылдық Советінің секретары У. Төлеуовке, Бибігүл Жұмабаеваның финансистігі Ш. Махметовке тұрмысқа шыққаннан бері комсомол ұйымының жұмысынан тыс қалуын, колхоз өндірісіне қатыспауын тек осымен түсіндіруге болады. Село интеллигенттері Төлеуов және Махметов жолдас-тардың өздерінің зайыптарын қоғам өмірінен, колхоз өндірісінен аулақ ұстауына таңымыз бар. Бұған бастаушы партия ұйымы мен ауылдық Совет атқомі қалай төзіп отыр?

Комсомол жыйналысы— комсомолдардың тәрбие мектебі. Алайда, бұл колхозда комсомол жыйналысы айлап шақырылмайды, комсомолдардың саяси оқуы формальді ұйымдастырылған. Үйірме насихатшысы Дүйсенбіқызы жолдас кінәсінен комсомолдар бірнеше рет сабақ оқып алмай, тарап кеткен.

Комсомолдар арасындағы жұмыстың нашар ұйымдастырылуынан жасы 30-дан асқан бірнеше адам комсомол қатарында есептеліп жүр. Кейбір комсомолдар ұйымның есебінен шықпай өз беттерімен басқа жерлерге кетіп қойған. Біз бұл арада комсомол ұйымының жаңа сайланған жас секретары К. Баймуратов жолдас кінәлаудан аулақпыз. Өйткені, ол комсомол жұмысынан тәжірибесі кем, партия ұйымының күнбе-күнгі көмегі мен басшылығын қажет етеді.

Колхоз комсомол ұйымының жұмысынан орын алып отырған елеулі кемшіліктерге ең алдымен партия ұйымының секретары Әбдіхалықов жолдас кінәлі. Ол комсомол ұйымының жұмысындағы кемшіліктерге орынсыз төзіп, бұл жөнінде партия ұйымының жыйналысында мәселе қозды, сөйтіп, комсомолдардың колхоз өндірісіне белсене қатысуына жетісуі ескермей жүр. Ендігі жерде мұндай фактіге төзуге болмайды.

**В. ЖАҚЫПОВ,
БҮЛАЕВО, (өз тілшіміз).**

Бір үйірменің сабағы туралы

Еңбекшілер депутаттары Мамлют аудандық Советі атқомінің партия ұйымының жанындағы СОКН тарихын үйренетін жоғарғы типті үйірменің сабағы екінші оқу жылына арналған программа бойынша жүргізіледі. Үйірмені жас насихатшы, аудандық комсомол комитетінің секретары Завгородняя жолдас басқарады. Үйірме сабағы кезінде өтіп отырады. Көзір үйірме тыңдаушылары партия тарихы қысқаша шұрының IX тарауын оқып жүр.

Соңғы үш сабақта тыңдаушылар Н. В. Сталин жолдас «Ленинизмнің негіздері туралы» шығармасын оқыды. Бір сабақта И. В. Сталиннің шығармасы бойынша «Шаруа мәселесі жөнінде партияның не-

әметі үшін күресейік» деген ұран тастады.

Бұл жолдас тарихтік еңбек бойынша концепті жасаған. Олар теориялық мәселелерді өз сөздерімен айтып беруге тырысады. Әңгіменің соңында насихатшы қорытынды жасады.

Дегенмен, үйірменің сабағында елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір тыңдаушылар әңгімеде концептіден көз алмай сойлеуге әдеттенген. Мысалы, тыңдаушы Андреева жолдас Октябрь революциясының басты міндеттері туралы айтқанда тек концептіні оқумен болды. Насихатшы бұл жөнінде ешбір ескерту жасамады. Әңгімеге бұлай қатысу тыңдаушының маркстік-лениндік теорияны творчество-

„Красная крепость“ колхозында

Колхоз ауданындағы «Красная крепость» колхозы— ұйымдық шаруашылық жағынан нығайып келе жатқан колхоз. Быйылғы жылы бұл колхоздың жылдық табысы миллион сомға жуық болды. Колхозды деревняда жаңа құрылыстар көбеюде, колхозшылардың материалдық әл-ауқаты жақсарып, мәдени дәрежесі артауда.

1. Колхоз клубы

Өткен жылы артель басқармасының қаулысы бойынша колхоз орталығында 300 кісілік үлкен клуб үйі салынған болатын. Бұл клуб үйі көзір колхозшылардың мәдениетті дем алатын орнына, колхоздағы мәдени-ағарту жұмыстарының орталығына айналды. Клубта село интеллигенттерінің күшімен колхозшылар үшін лекция оқылып, баяндамалар жасалып тұрады. Сол сыяқты, аптасына екі рет кино көрсетіледі.

2. Жаңа құрылыстар

Колхоз орталығында жаңа құрылыстар саны жыл сайын артауда. Мәселен, мұнда өткен жылы 5 мың центнер астық сыятын қойма, 150 бас мал сыятын төл үйі салынған еді. Быйылғы жылы мұнда жаңадан қой қорасы салы-

ды. Сол сыяқты көптеген колхозшылар жаңа үйлер салып алды.

3. Колхоздың жеңіл және жүк машиналары

Колхоз жыл сайын көптеген машина, құрал-жабдықтар сатып алуда. Көзір колхоз орталығында 2 жүк машинасы және жеңіл автомобиль бар. Колхоз жуырда тағы да екі жүк машинасын алу үшін мемлекетке ет өткізді.

Колхоз 35 арба, 60 тырма, 3 шөп машинасы, мал азығын буландырғыш, дән үккіш және дірмен үшін двигатель сатып алды.

4. Мәдениетті тұрмыс

Колхоздың қоғамдық шаруашылығының өркендеуі колхозшылардың материалдық әл-ауқатының артуына мүмкіншілік беріп отыр. Әрбір еңбеккүнге берілетін астық пен ақша жыл сайын артып келеді. Колхозшылар быйылғы жылы әрбір еңбеккүнге 4 килограмнан аса астық, 2 сом 30 тыйыннан ақша алды. Селода 70-тен астам колхозшының үйінде радио, қабылдағыш, мотоцикл бар. Ал, велосипед әрбір колхозшының үйінде бар.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Ауқатты тұрмыстың нәтижелері

Колхоздардың қоғамдық шаруашылығының жан-жақты дамуы, артель шаруашылығының барлық салаларының үздіксіз өсуі 1953 жылы Соколов ауданының көптеген колхоздарының ақшадай кірісін молайтуға зор мүмкіншілік берді.

Ауданның жекелеген колхоздарының ақшалай табысы миллион сомнан асты. Бұлардың қатарына «Победа» ауылшаруашылық артели қоса болады. Ал, Буденный атындағы колхоз бір жыл ішінде өзінің ақшалай кірісін үш есеге жуық арттырды. Колхоз әрбір еңбеккүнге 5 килограмнан астық, 3 сомнан ақша берді.

Көзіргі уақытта Буденный атындағы колхоз хауіпсіздендіру және кіріс салықтары жөнінде мемлекетпен толық есеп айырысты. Ал, артельдің колхозшылары 1954 жылдың ауылшаруашылық салығын мерзімінен бұрын өтеп бітірді.

Аудандық финансистік бөлімінің еңбекшілерден салық жыйнайтын өкілдеріне салық қаржыларын жыйнауда селолық Советтің председателі Сорокин, колхоз председателі Пальчуковский жолдас-тар,

селолық Советтің депутаттары мен колхоз активтері зор көмек көрсетті.

Аудан колхоздарының ақшалай кірісінің барынша өсуі колхоздардың дерекінде мемлекетпен есеп айырысуына мүмкіншілік берді. Көзір ауданның барлық колхоздары мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру және ақшалай салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін толығымен өтеді. Ал, колхозшылардың материалдық әл-ауқат дәрежесінің артуы олардың 1954 жылдың ауылшаруашылық салығын мерзімінен бұрын төлеудің жағдай жасады. Бұл, әресе, ауданның Ленин атындағы, Пушкин атындағы, «Қазақстан», «Красный агроном», «Путь Ильича» ауылшаруашылық артельдері мүшелерінің өмірінен айқын көрінеді.

Көзір аудан еңбекшілерінің 1954 жылдың алғашқы тоқсанында ақ үстіздегі жылдың ауылшаруашылық салығын толық өтеуіне барлық мүмкіншіліктері бар.

Ғ. САЛИХОВ,

Соколов аудандық финансистік бөлімінің меңгерушісі.

Сириядағы оқыйғалар

ПАРИЖ, 27 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, көтеріліс шығарған әскерлер басшыларының бірі Фейсал Атаси көтеріліс болдырмау үшін болат сауытты танк және моторландырылған әскери бөлімдерді радио арқылы көтеріліс шығарғандарға қосылуға шақырған. Алеппо радиостанциясы Кунейтр соғыс округінің қолбасшысы көтеріліс шығарғандарға қосылды деп хабарлайды.

Бүгін Дамаскада демонстрациялар болып, оларға қатысушылар парламентті таратуды талап еткен.

Алеппо радиосы Сирияның әуе соғыс күштері көтерілісшілерге қосылды деп хабарлады. Сирияның депутаттар палатасының кезексіз мәжілісінде парламентті тарату туралы қарар қабылданғандығы хабарландырылады.

ЛОНДОН, 28 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Вейруттан, Шишкелге қарсылардың демонстрациясынан кейін 27 февральда кешке Дамаскада төтенше жағдай енгізілді деп хабарлайды.

Соғыс полициясы бірнеше дүркін оқ атқан. Дамаска радиостанциясы кешкі сағат 8-ден таңертеңгі сағат 5-ке дейін коменданттық күзеттің енгізілгендігін жариялады.

ПАРИЖ, 28 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Дамаскадан берген хабарына қарағанда, Шишкелге қарсылардың демонстрациялары кезінде кеше соғыс полициясы 50 адамды жаралаған, оның ішінен 20 адам ауыр жараланған.

БЕЙРУТ, 28 февраль. (СОТА). Ливан баспасөзінің таңертеңгі хабары бойынша, Сирия армиясы бас штабының бастығы Шукейр кеше кешке Хомс қаласына келіп, Сирия республикасының бұрынғы президенті Хашим Атасимен және саяси партиялардың басшыларымен төрт сағаттық кеңес өткізген. Осы кеңестен кейін мазмұндама жария-

ланып, онда Шукейрдің Дамаска өкімет орындарының атынан Хашим Атасиді республика президенті деп мойындайтындығы айтылады. Бұл мойындау Сирияда 1951 жылдың екіінші декабріне дейін өмір сүрген, яғни 1949 жылы Хашим Атасиді Сирияның президенті етіп сайлаған парламентті тарату және конституцияны жоюға әкелген Шишкелі жасаған соңғы төңкеріске дейін Сирияда өмір сүрген азаматтық өкіметті қайтадан қалпына келтіру деп бағаланады.

Мұнымен бірге, 1953 жылы күз сайланған Сирия парламентін тарату туралы хабар жариялануда.

Шукейрдің саяси партиялардың басшыларымен өткізген кеңесінің қорытындысы туралы мазмұндамада 1950 жылғы конституция негізінде парламент сайлауын жүргізетін «ұлттық одақтың» үкіметін құру туралы келісімге жетікендігі айтылған. Сол сыяқты, мазмұндамада «Армия өзін президент Хашим Атасидің және заңды үкіметтің қолына береді» деп атап көрсетіледі.

Баспасөз бен Бейрут радиосының хабарлауынша, 27 февральда күні бойы түн ортасына дейін Дамаскада студенттердің ірі-ірі демонстрациялары болған. Демонстранттар муниципалитеттердің үйлеріне, соғыс полициясының басқармасына, радиостанциялар мен парламент үйіне шабуыл жасап, парламентті таратуды талап еткен. Радиостанциялардың үйлерінде және басқа орындарда демонстранттар мен полицияның арасында соқтығысулар болған. Жараланғандар бар.

Сирия армиясының бас штабы Дамаскада 20 сағаттан бастап таңертеңгі сағат 5-ке дейін коменданттық күзет енгізген.

Бейрут радиосының хабарлауынша, Хашим Атаси уақытша жаңа үкіметті құру мақсатымен ақылдасу жұмысына кіріскен.

Египеттегі жағдай

ЛОНДОН, 27 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігі Нью-Йорк радиостанцияларының хабарларына сүйене отырып, Каирдан алынған хабар бойынша, Каирда бүгін күні бойы генерал Нагибті Египеттің президенттік қызметіне қайта оралтқан оқыйғалар болғандығын хабарлады. Подполковник Насер премьер-министр болып қалады. Бұл қарарларды «басшы революциялық совет» қабылдағанымыз.

ЛОНДОН, 28 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Каирдан Египеттің барлық жерінде 27 февральда төтенше жағдай жарияланды деген хабар берді.

КАИР, 28 февраль. (СОТА). Барлық газеттерде Египеттің «басшы революциялық советінің» ресми мазмұнамасы жарияланған, онда совет «генерал Мухаммед Нагибті Египеттің парламентарлық республикасы президентінің

председателі және Египеттің премьер-министрі болып қалады.

Мазмұндамада «басшы революциялық совет» 27 февральда генерал Нагибтен хат алды, онда Нагиб «өзі қабыр келген қызметтен өзінің ерлік бойынша бастартқандығы туралы» халыққа түсіндіруге тілек білдірді делінген.

Нагиб халықты «жақын арада елдің тәуелсіздігіне жетісу үшін күресуге және «басшы революциялық совет» мүшелерінің төңірегіне топтасуға» шақырған.

Осы хатты алғаннан кейін «басшы революциялық совет» Нагибке Египеттің президенттік қызметіне қайта оралуға шақыру жіберген, мұнан кейін «келісім бергені туралы Нагибтен документ алған».

Мазмұндама «Басшы революциялық советінің» елдің басынан өткен сы-

әңгіме өткізді. Бұл әңгімеге тыңдаушылар белсене қатысты. Тыңдаушы Сталиндік жолдас өзінің сөзінде революцияның бірінші кезеңіндегі — «барлық шаруалармен бірлігі, буржуазияны бейтарап етіп, патша мен помещиктерге қарсы шығып, буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі үшін күресейік» — деген партияның негізгі ұранын толық және дұрыс баяндады.

Тыңдаушы Повлукін жолдас 1917 жылғы Февраль революциясының сыйпа-тына тоқталды. Февраль революциясы, деді ол, патшаны құлатты. Бірақ, помещиктердің жерін конфискелеуді тағы басқа осы сыяқты бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырмады. Міне, сондықтан буржуазияны құлатуды және өкметті пролетариат қолына беруді қамтамасыз ететін социалистік революция жасау қажет болды. Бұл кезде, революцияның екінші кезеңінде, партия «Аса кедей шаруалармен бірлігі, орта шаруаларды бейтарап етіп, қала мен деревнядағы капитализмге қарсы шығып, пролетариат

тіні мәлім.

Осы сыяқты, насихатшы да өзінің әңгімесінде кейбір мәселелерді үстірт баяндайды немесе ұмыт қалдырады. Ол сабақтың екінші сағатында И. В. Сталиннің «Ленинизм мәселелеріне» деген еңбегі бойынша әңгіме өткізді. Насихатшы социализмнің бір елде жеңуі жөнінде мәселені толық баяндады. И. В. Сталин «ССР Одағында социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегінде социализмнен коммунизмге өтудегі алғы шарттарды көрсетіп берді. Насихатшы өзінің әңгімесінде бұл мәселені ұмыт қалдырды. Насихатшы социализмнен коммунизмге өтудегі алғы шарттарды міндетті түрде тыңдаушыларға баяндауы керек еді.

Үйірменің сабағында мұндай кемшіліктердің болуы ең алдымен аудандық партия комитетінің насихатшыға көмегінің жеткіліксіз болуынан гөй деп ойлаймыз. Партия оқуының идеялық мазмұнын жоғары болуы үшін насихатшы кадрлармен жұмысты мықтап жақсарту қажет.

И. РЫБАКОВ.

«Динамо» стадионында жұмысындағы кемшіліктер

Редакцияға түскен, газетке пайдаланылмаған осы тақырыпты тілші хатында «Динамо» стадионында қала еңбекшілерін қамту ісіндегі жол берілмеген кемшіліктер атап көрсетілген болатын.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің физкультура және спорт секторы осы хат бойынша тексеріс жүргізіп, стадионда еңбекшілерді қамтуды жақсартуға бағытталған шаралар белгіледі.

Тексеріс нені көрсетті?

Редакцияға түскен тілші хатында Преснов ауданы, Ленин атындағы колхоздың дүкен сатушысы Н. Аманжоловтың совет саудасының төртінші бурмалап, дүкенге келген товарлардың бағасын өсіріп сататындығы, тұтынушылардың тілегіне сай жұмыс істей алмай отырғандығы айтылған еді.

Преснов аудандық тұтынушылар одағының председателі Батырев жолдас бұл жөнінде редакцияға мынаны хабарлады: тексеріс жүргізгенде дүкен сатушысы Аманжоловтың 17 мың сом мемлекет қаржысын талан-таражға салғандығы өшкерегенді. Аманжолов тұтқынға алынып, ісі сотқа берілді.

на үйлер пайдалануға берілді. Мұнда көздің өзінде бірқалыпты жұмыс істеу, оқу және тыныну үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Балалар жаңа орта мектепте оқыйды, жас балаларға арналып жақсы жабдықталған балалар бақшалары мен яслилері бар. Почта бөлімшесі, клуб, асхана, магазиндер, аурухана, монша жұмыс істейді. Поселке электр жарығымен жақсы қамтамасыз етілген және радиоландырылған. Ол көздің өзінде өсіп, Камышинге жалғасып келеді. Комбинат іске қосылғаннан кейін Камышин Волга бойындағы ірі өнеркәсіп орталығына айналады. Қалада үш қабатты тас үйлері бар асфальтталған жаңа көшелер болады, қаланы көгалдандыратын ағаш алқаптары шұғыл ұлғайтылады. Мәдениет сарайының, кинотеатрдың, жалпы білім және техникалық мектептердің, ауруханалар мен поликлиникалардың, отыздан аса балалар бақшалары мен яслилерінің, қонақүйдің, түнгі санитарийдің, фабрика-кухняның, нан зауытының, механикаландырылған кір жуатын орынның және басқа мәдени-тұрмыс мекемелерінің құрылысына өте көп қаржы бөлінді.

Құрылыстың көмекші базасы қысқа мерзім ішінде жасалды, ол кәзір нығай түсті. Құрылысқа келетін кірме жолдар, автопарк, жөндеу-механикалық завод, электр-механикалық және тазалық сақтау-техникалық мастеркойлар, ағаш өңдейтін комбинат, шлакоблок заводы салынды, силикат кірпіштер зауытының, бетон ерітетін зауыттың және басқа көмекші кәсіпорындарының құрылысы аяқталып келеді. Тас және құм алатын орындар жасалды.

Негізгі жұмыстарды кәзір жүздеген әртүрлі машиналар мен механизмдер — экскаваторлар, скреперлер, бульдозерлер, жүкті өздігінен түсіретін автомашиналар, башня срандары атқарады. Құрылысшылар коллективі бұл қуатты кәсіпорның үкмет тағайындаған мерзімде пайдалануға беру үшін қажырлылықпен еңбек етуде.

«Динамо» ерікті спорт қоғамы катоктың жұмысын жақсарту шараларын қарастырды. Өзінің жұмысын дұрыс атқара алмағаны үшін киім алып, беріп тұратын Углова қызметінен босатылып, оның орнына басқа адам тағайындалды.

Е. ҚАДЫРОВ,

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

және бұл ұсынысты Нагиб қабыл алды делінген. Подполковник Гамаль Абдель Насер «басшы революциялық советтің»

ғат толық ұмыт боларлықтан тыптықты сақтауға көмектесуге» халық шақырған ұранмен аяқталады.

ФРАНЦИЯНЫҢ ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ЕРЕУІЛ

ПАРИЖ, 27 февраль. (СОТА). Көптеген факультеттерде ереуілге түшуылар мен студенттер жүз пайыз қатысқан.

Париждың еңбек биржасында Сорбоннада жаппай митингтер оларға әртүрлі кәсіподақтар ұйымдарына жататын студенттер мен оқытушылар өздерінің талаптары қанағаттандырылғанға дейін күресті жүргізе беретіндігіне бел байлағандық білдірген.

Елдің басқа қалаларында да профессор-оқытушылар, студенттер мен оқытушылар ереуілге белсене қатысқан.

«ЕВРОПАЛЫҚ ҚОРҒАНЫС БІРЛЕСТІГІН» ЖАСАҚТАУ ЖОСПАРЫНА ҚАРСЫ

Батыс Берлиндегі наразылық демонстрациялары

БЕРЛИН, 27 февраль. (СОТА). «Нейес Дейчланд» газетінің хабарына қарағанда, 26 февральда Батыс Берлинде соғыс мәселелері бойынша Бонн бундестагіндегі таласқа қарсы және Батыс Берлинде азық-түлік бағасының қымбаттауына қарсы наразылық демонстрациялары болған.

Берлиннің ағылшын секторында тұрушы адамдар «Европалық қорғаныс бірлестігі жойылсын!», «Аденауэр жо-йылсын!» деген жазулары бар плакаттар алып шыққан. Демонстрацияға қатысушылар «Бізге европалық қорғаныс бірлестігі керек емес, бітім догово-

ры керек!» деген жазулары бар листовкалар таратқан.

Аденауэрдің соғыс саясатына қарсы және қымбатшылықтың өсуіне қарсы наразылық демонстрациясына, сол сыяқты, Веддинг (француз секторы) ауданының жұмысшылары мен жұрт-сыздары да қатысқан.

«Европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы, әскери қызметтің енгізілу жо-парына қарсы және бағаның қымбаттауына қарсы демонстрация Темпельгоф (Берлиннің америка секторы) ауданында да болған.

ЧИЛИДЕГІ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ-ИОРК, 27 февраль. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Сант-Ягодан берген хабарына қарағанда, банк қызметшілерінің жаппай ереуілінің нәтижесінде Чилиде барлық жеке меншікті банктер жабылған. 26 февральда банктердің 6 мыңға жуық қыз-

метшілері қызметшілерді жұмыстан шығаруға қарсы наразылық ереуілін және жалақыны арттыру туралы талапты қолдап ереуіл бастаған.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПЕТЕР»

Сеанстар сағат 8,10-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАКСИ МЫРЗА»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,10-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында ауылшаруашылық да-қылдарын егу және шаршы-ұялап отырғызу әдісін көрсететін

«ЖАСЫЛ ШАРШЫЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ»

атты жаңа, ғылыми фильм көрсете бастайды.

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл ауданы, Борки селосында тұратын Павел Семенович Дергунов Солтүстік Қазақстан облысы, Соколов ауданы, Налобино селосында тұрушы Мария Савельевна Дергуновадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, Вожатый көше-сі 41-үйдегі Петропавл аудандық халық сотында қаралады.

Дүние жүзіндегі ең ірі тоқыма комбинаты

Бесінші бесжылдықтың жоспары бойынша Камышинға өзінің сол жақ жағалауында, оның Волгаға құятын сағасына жақын жердегі Волга бойындағы ежелгі қала — Камышиннің төңірегінде дүние жүзіндегі ең ірі тоқыма комбинаты салынады. Оның қуаты еліміздің ең ірі тоқыма өнеркәсіп орталығы — Иваново қаласының барлық тоқыма фабрикаларының қуатына тең болмақ. Комбинаттың құрамында — өңір фабрика, орталық бу электр станциясы, құю-механикалық завод және бірқатар көмекші цехтар мен шаруашылық орындары болады.

Комбинаттың барлық қуаты түгел іске қосылғаннан кейін еліміз мұнан күн сайын бір миллион метрге жуық жоғары сапалы маталар — баркыт, вельвет, фланель, батист, вуаль, тафты, сатин және түрлі түсті шыт мата алады. Комбинаттың бір тәулікте беретін өнімнің қанша екенін мынадан айқын көруге болады: ол үш жүз мыңға жуық адамды толық киіндіруге жетеді.

Комбинаттың барлық цехтары отандық ең жаңа құралдармен жабдықталатын болады. Тек тоқыма станоктарынан ғана 15 мыңнан аса станок орнату белгіленді. Бұл станокта жұмыс істеу әдісі кеңінен қолданылатынына және еңбекті көп керек ететін барлық жұмыстардың толық механикаландырылатынына қарамастан, комбинаттың жұмысшылары мен қызметшілері және инженер-техник қызметкерлерінің коллективі кемінде 30 мың адам болады.

Камышин тоқыма комбинатының құрылысы өзінің сыйпаы жағынан алғанда бүгінхалықтың құрылыс болып табылады. Ол елдің көптеген кәсіпорындары коллективтерінің күшімен салынады.

Сондықтан бұл комбинат бұрын болып көрмеген дәрежеде тез қарқынмен салынауда. Бұл жөнінде бір кезде Орта Азия республикаларындағы ең үлкен Ташкент тоқыма комбинатын салудың қарқынына бұл комбинат отыз есе тез қарқынмен салынатындығын айтсақ та жеткілікті болады. Қуатты құрылыс техникасының және бай тәжірибенің болуы халық тұтынатын бұйымдар өндіретін жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жаңа қуатты кәсіпорындарын салу жөнінде партия мен үкмет қойған міндетті қысқа мерзім ішінде орындауға мүмкіндік береді.

Ірі құрылыстар тәжірибесінде тұңғыш рет комбинат цехтарының корпустары темір-бетонды қолданбастан — ақ түгелінен құрастырылған металл конструкцияларынан монтаждалауда. Бұл конструкциялар Челябинг облысының кәсіпорындарында жасалады да, құрылысқа дайын күйінде жөнелтіледі.

Құрылыс алаңдарында әрбір күн елеулі өзгерістер енгізеді. Тіпті ауырда-ақ, жаңа жыл қарсаңында, бірінші жип иіру — тоқыма фабрикасы корпусының іргетасы салынған еді, ал, январьдың бірінші жартысында металл конструкцияларын монтаждау бастады. Быйылғы жылы комбинаттың бірінші кезегі іске қосылуға тиіс.

Негізгі өндірістік объектілердің құрылысына кіріспес бұрын құрылысшылардың алғашқы кезде үлкен әзірлік жұмыстарын орындағандығы түсінікті. Ең алдымен, тұрғын үйлер салу және құрылыстың көмекші базасын жасау қажет болды. Кәзір, бұрынғы бос жатқан жерде болашақ тоқымашылар қаласының бейнесі көрініп тұр. Өткен жылы жалпы көлемі 14 мың шаршыметрден асатын жа-

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.